

Білім беру саласы: Қатынас

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі.(қуыршақ театрі)

Мақсаты: Ертегіні балаларға қуыршақ театрі арқылы сахналап, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізе білуді үйрету. Балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра білуді үйрету.

Қойылымның кейіпкерлері: шал, кемпір, бауырсақ, қоян, қасқыр, аю, түлкі.

Оқу қызыметі	Тәрбиешінің қызыметі	Балалардың қызыметі
Мотивациялық Қозғаушылық	Сәлемдесу. Балалар Әнұран айтады.	Сәлемдеседі. Әнұран айтады.
Ұйымдастырушылық Ізденушілік	Бүгін көңіл күйлерің калай? Балалар сендерертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме? Ендеше Ғажайып ертегілер әлеміне тезірек барайық. Балалар « Атамнанда қаштым апамнанда қаштым» --Бұл қандай ертегі? Дұрыс бауырсақ ертегісі. Шаттық шеңбер. Сәлем балғын балалар Бәрің бері қараңдар Бауырсақ жайлы ертегі Сіздерге сыр шертеді Ертегіні ең қызық Сахнаға енгіздік Баяндайық көріңіздер Өз бағасын беріңіздер. Музыка әуенімен ертегіні тәрбиеші бастайды.	Жақсы деп жауап береді. Иә «Бауырсақ» ертегісі

	Ерте,ерте,ертеде бір шал мен кемпір өмір сүріпті. --Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші? Кемпір --Неден пісірейін?Ұн жоққой. Шал --Әй кемпір-ай.Қойманың түбін қырнап көрсең ғой,бауырсақтық ұн табылып қалар? Кемпір солай істейді қойма түбін қырып-қырнап екі уыс ұн табады да,қаймаққа шылап,қамыр илеп бауырсақты майға пісіріп,терезе алдына суытқалы қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан үйдің іргесіне домалап түседі.Бауырсақ жолда зымырап бара жатса қарсы алдынан қоян шыға келеді. Қоян: --Бауырсақ,бауырсақ мен сені жеп қоямын. Бауырсақ --Жоқ, сен мені жеме, саған қандай өлең айтып берер екем, оданда соны тыңда. Қоян құлағын түреді. Бауырсақ: --Апамнан да қаштым,атамнан да қаштым сенен қашып кету қиын емес, деп қашып кетеді.	Балалар мұқият тыңдайды.
--	---	---------------------------------

	Бауырсақ жалғыз аяқ жолмен келе жатса, оның алдынан қасқыр шығады Қасқыр: --Бауырсақ,бауырсақ, мен сені жеп қоямын. Бауырсақ: Сен мені жеме,мен саған өлең айтып берейін. Атайдан да құтылдым, әжейден де құтылдым.Қояннан да сытылдым, қасқыр сенен құтылу қиын емес деп қашып кетеді. Бауырсақ орман ішімен домалап келе жатса,оған аю қарсы шығады. Аю: Әй,бауырсақ.Мен сені жеп қоямын. Бауырсақ: --Сен мені жеме,мен саған өлең айтып беремін. Атайдан да құтылдым, Әжейден де құтылдым. Қояннан да сытылдым, Қасқырданда құтылдым Маймақ,сенен құтылу, Қиын емес бұл маған. Осылайша бауырсақ әрі қарай домалай жөнеледі Алдынан түлкі шығады. Түлкі: --Бауырсақ,бауырсақ мен сені жеп қоямын. Бауырсақ: --Сен мені жеме,саған өлең айтып беремін. Атайдан да құтылдым, Әжейден де құтылдым. Қояннанда сытылдым,	
--	---	--

Рефлексиялық Түзетушілік	қасқырданда құтылдым, аюдан да құтылдым деп әндете жөнеледі. Түлкі: --Әй,бауырсақ, менің құлағым жақсы естімей- ді ,тұмсығыма шығып айтшы. Бауырсақ: Атайдан да құтылдым, әжейден де құтылдым. Қояннан да сытылдым, Қасқырдан да құтылдым, Аюданда құтылдым дей беріп еді түлкі ақсиған тістерімен жеп қояды. Балалар ертегі сендерге ұнадыма? --Бауырсақты кім пісірді? --Балалар бауырсақ неден жасалады? --Ұн неден алынады? --Бауырсақтың түсі қандай? --Бауырсақтың пішіні қандай? Балалар сендерге жұмбақ жасырайын.Кәнекей тауып көріңдерші. 1.Қыс бойына жатады Тәтті ұйқыға батады 2.Қалқиған ұзын құлағы Елендеп қорқып тұрады.	Иә,ұнады Кемпір Ұннан Бидайдан Сары Домалақ,шеңбер Аю Қоян
-------------------------------------	---	--

	3.Өзі бір қу, Жүрген жері шу. 4.Күші десең күші бар. Тісі десең тісі бар. Сергіту сәті	Түлкі Қасқыр Балалар сергіту сәтін орындады
--	---	--

Күтілетін нәтиже

Біледі:Ертегідегі жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажырата біледі

Игереді:Қазақ ертегілеріне деген қызығушылықтары қалыптасады.Сұрақтарға жауап бере алады.Жануарлар туралы жұмбақтарды шеше алады.Бауырсақтың неден жасалатынын,түсін,көлемін,ұннан жасалатын тағамдарды атап бере алады.